НҰР-СҰЛТАН
ҚАЛАСЫНЫҢ МӘСЛИХАТЫ

МАСЛИХАТ ГОРОДА
НУР-СУЛТАН

ШЕШІМ **РЕШЕНИЕ**

11.11.2021 № **95/14-VII**

Нұр-Сұлтан қаласы город Нур-Султан

«Нұр-Сұлтан қаласында балабақшалар салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2017 жылғы 19 мамырдағы № 140/19-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз
Бланк без серийного номера не действителен

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 163-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына сәйкес және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 26 қазандағы № 107-3731 қаулысының, Нұр-Сұлтан қаласының бюджет комиссиясы отырысының 2021 жылғы 18 қазандағы № 21 хаттамасы негізінде, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. «Нұр-Сұлтан қаласында балабақшалар салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2017 жылғы 19 мамырдағы № 140/19-VI шешіміне (бұдан әрі - Шешім) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген Шешімнің қосымшасындағы:

3, 4, 5, 6 жолдар:

«

Атауы	Сомасы
Оңтүстік тас Қорғалжын (2 лот) 240 орынды балабақша	1 327 420 000 (бір миллиард үш жүз жиырма жеті миллион төрт жүз жиырма мың) теңге
Е70, Е51, Е49 (Лот 3) атаулары бар көшенің қиылысында 240 орынды балабақша	1 166 250 000 (бір миллиард жүз алпыс алты миллион екі жүз елу мың) теңге

0002698

Е33, Е34, Е18 (Лот 4) жобалық атаулары бар көшенің қиылысында 240 орынды балабақша	772 150 000 (жеті жүз жетпіс екі миллион жүз елу мың) теңге
Е33, Е44, Е20 (Лот 5) жобалық атаулары бар көшенің қиылысында 240 орынды балабақша	774 780 000 (жеті жүз жетпіс төрт миллион жеті жүз сексен мың) теңге

»

алынып тасталсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы **Е. Каналимов**